

ТЕМІРЖОЛ МАШИНА ЖАСАУ СЕКТОРЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ӨНЕРКӘСІБІНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ. БҰЛ САЛАҒА ТЕК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҚАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ, КӨЛІК ЖҮЙЕСІНІҢ ТҰТАСТАЙ АЛҒАНДА ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТИІМДІЛІГІ ДЕ ТӘУЕЛДІ. СЕКТОР РЕСПУБЛИКАДАҒЫ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ ШАМАМЕН 13% ҚҰРАЙДЫ. 2024 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІС КӨЛЕМІ 600 МЛРД ТЕҢГЕНІ, АЛ НАҚТЫ КӨЛЕМ ИНДЕКСІ 125% ҚҰРАДЫ.

Төрәәділ АБДРАХМАНОВ,
ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Өнеркәсіп комитеті электротехникалық және ауыр
машина жасау басқармасының бастығы



№36 (3075)
13/05/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ШЕСТЬ СТРАН ЕВРАЗИЙСКОГО ТРАНСПОРТНОГО КОРИДОРА

В Тегеране прошли шестисторонние переговоры железнодорожных администраций Казахстана, Китая, Узбекистана, Туркменистана, Ирана и Турции.

Так, 12 мая 2025 года в Тегеране состоялась шестисторонняя встреча представителей железнодорожных администраций Казахстана, Китая, Узбекистана, Туркменистана, Ирана и Турции. Делегацию АО «НК «Қазақстан темір жолы» возглавил заместитель председателя правления по логистике Ерлан Койшибаев. Основной темой переговоров стало развитие эффективного транспортного коридора по маршруту Китай – Казахстан – Узбекистан – Туркменистан – Иран – Турция/Европа. Участники отметили значительный рост контейнерных перевозок по направлению Китай – Иран транзитом через Казахстан, увеличившийся в 2,6 раза за январь – апрель 2025 года по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.



Стороны договорились о совместных действиях по активизации контейнерных перевозок на данном маршруте, утвердили конкурентоспособные тарифные условия и согласовали ключевые параметры организации движения поездов, включая сохранение утвержденного

общего времени доставки по всему маршруту. Эти меры направлены на повышение привлекательности маршрута для международных грузоотправителей и укрепление сотрудничества между странами-участницами.

Асель ШАЙХЫНОВА

«KERUEN EXPRESS» – ТИІМДІ ТУРИЗМ



Жақында «Жолаушылар тасымалы» АҚ іске қосқан «Keruen Express» туристік пойызының сапарына 130 астам жолаушы аттанды. Қазақстан мен Өзбекстанды жалғайтын бұл бағдар саяхатшыларға қос мемлекеттің бай тарихи және мәдени мұрасымен танысуына айрықша мүмкіндік береді. Туристік пойыз Алматы қаласынан жолға шығып, Алматы – Түркістан – Ташкент – Самарқанд – Бұқара – Алматы бағыты бойынша қатынайды. Саяхаттың ұзақтығы – 6 күн, атап айтқанда 2025 жылғы 6-11 мамыр аралығын қамтиды. Аталған құрам Қазақстан мен Өзбекстан арасында қатынайтын алтыншы туристік пойыз саналады. Пойыз бес заманауи вагоннан құралған, оның төртеуі – купе, біреуі – мейрамхана-вагон. Отандық өндірістен шыққан бұл вагондар жолаушылардың жайлы сапар шегуі үшін барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ішкі интерьері қазақтың ұлттық өрнектерімен сәнделіп, ерекше атмосфера қалыптастырады. Бағыт өңірдің аса маңызды мәдени және тарихи орталықтарын қамтиды. Бағдарлама аясында Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Отырар қалашығына, Самарқандта Өмір Темір кесенесі мен Регистан алаңына, Бұқарада Арк қорғаны және Ляби-Хауз алаңына, ал Ташкентте Хазрет Имам мемориалды кешені мен Төле би кесенесі және өзге де көрнекті орындарға бару межеленген. Тур құнына пойызбен сапарлау, кәсіби гидтер жүргізетін экскурсиялық бағдарлама, барлық нысандарға кіру билеттері, сондай-ақ тuroператорлар ұйымдастырған трансфер қызметтері толықтай кіреді. Жоба «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бастамасымен, сондай-ақ Өзбекстан темір жолдары, ҚР Туризм комитеті, ҚР Көлік министрлігі және Kazakh Tourism компаниясының қолдауымен жүзеге асырылды. «Keruen Express» туристік пойызының іске қосылуы – Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы мәдени ынтымақтастықты тереңдетуге және өңірдің бай тарихи мұрасын кеңінен насихаттауға жол ашатын теміржол туризмін дамытаудағы елеулі әрі маңызды қадам.

Ұлан ОРАЗ

ДИАЛОГ ПО СУЩЕСТВУ



Вопросы увеличения объемов грузоперевозок и оптимизации процессов на межгосударственных стыковых пунктах (МГСП) Оазис (Таджикистан) и Сарыагаш (Узбекистан) обсудили представители железнодорожных администраций Казахстана, Узбекистана и Таджикистана. В мероприятии приняли участие делегации, возглавляемые заместителем генерального директора по оперативной работе ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Ерболом Тусуповым, начальником департамента организации перевозок АО «Узбекистан темір йуллари» Абдували Кодировым и начальником службы перевозок ГУП «Рохи охани Тоҷикистон» Раджабмурад Одинаевым. Стороны отметили положительныерезультаты перевозочной деятельности за 2024 год, в частности объем грузоперевозок между Казахстаном и Узбекистаном составил 11,5 миллиона тонн. Среднесуточная передача поездов через МГСП Сарыагаш за первые четыре месяца 2025 года составила 26 составов. Также было отмечено увеличение доли контейнерных перевозок в направлении КНР – Центральная Азия на 104% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, что эквивалентно 144 контейнерным поездам. На совещании акцентировалось внимание на необходимости обеспечения своевременного приема и вывоза грузов, увеличения доли контейнерных перевозок. Переговоры прошли в дружелюбной и конструктивной атмосфере, по итогам встречи подписан протокол.

Айлин БАУРЖАН

Тасымал

«БОЛАШАҚТЫҢ» БОЛАШАҒЫ АЛДА

Маңғыстау теміржолының Түрікменстанмен шекаралас станциясының дәрежесі артты. Станция соңғы жылдары көрсеткен жұмыс көрсеткіштерінің көлеміне байланысты үшінші кластан бір саты жоғарыға көтерілді. Өткен айда екінші класты станция атанған «Болашақтың» болашағы әлі алда.



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Межеленген міндеттерді артығымен орындап, күннен күнге жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келе жатқан станциядағы жұмыстардың қазіргі барысы көңіл көншітерлік. Биылғы жылдың бірінші тоқсанын оң көрсеткіштермен аяқтаған станция қызметкерлері алдағы күн еншісіндегі жоспарларды орындауға білек сыбана кіріскен. Жыл сайын бірінші болып комиссиялық байқаудан өтетін станция жақында ғана көктемгі байқауға тастүйін дайындалып, жақсы баға алған болатын.

Түйіспе станция өткен жылы да жұмысын жақсы нәтижелермен қорытындылағанын атап өткен жөн. Мәселен, былтыр Болашақ көрші елге 1 298 311 тонна жүк немесе 22 500 вагон өткізген. Түрікменстан елінен 504 пойызды қабылдап, 23 354 вагонына қызмет көрсеткен. Биылғы алғашқы үш

айдың ішінде 137 пойызбен 5816 вагонды жөнелткен. Кері бағытта көршілердің 132 пойыз 6648 вагонды күтіп алып, әрі қарай диттеген мекенжайына жіберілуіне мұрындық болған. Яғни бір тоқсанда екі елдің арасында 413 887 тонна жүк алмасуды жүзеге асырған.

– 2023-2024 жылдардағы жұмыс көлемі мен өткізген пойыздар есебі бойынша осы жылдың сәуір айынан бастап екінші класқа ауысып жатырмыз. Бірінші кезекте кластық дәрежеміздің көтерілуіне жүк көрсеткіштерінің артуы себеп болып отыр. Әрине станция мәртебесінің көтерілуі алдағы міндеттеріміздің салмағын айқындай түседі. Жауапкершілік жүгі де қазіргіден жоғарылай түспек. Ұжыммыз ауызбіршілік пен еңбектің арқасында осындай деңгейге жетті, алдағы уақытта да биік белестерді бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбектене жүріп бағындыра береміз. Келер жылдары жүк айналымы қазір-



гіден біраз есе артады деген болжам бар. Соған дайын болып, өз міндетімізді мұлтисіз орындауға мүдделіміз. Бүгін екінші класты станция болып жатсақ, көп ұзамай бірінші санатқа көтерілуге бар күшімізді саламыз, – дейді Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбеков.

Оның айтуынша, кейінгі жылдары станцияда жағымды өзгерістер байқалып отыр. Жұ-

мыс орындарындағы бұрынғы компьютерлердің барлығы түгел жаңартылған. Жұмысшылардың жайлы жұмыс орнын қамтамасыз ету мақсатында кондиционерлер орнатылған. Бұдан бөлек, тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, тоқ шайнектер сияқты қажетті дүниелер алынып, алаңсыз жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған.

Суретті түсірген автор

ПАРТНЕРСТВО В СФЕРЕ ЛОГИСТИКИ



АКТУАЛЬНО



Алуа ТЛЕУБАЙ,
Астана

Отмечено, ОАЭ – один из ключевых торгово-экономических партнеров Казахстана. Руководством двух государств принимаются совместные меры по увеличению товарооборота до одного миллиарда долларов США.

Визит наследного принца Абу-Даби шейха Халед бен Мухаммада Аль Нахайяна в Казахстан – важный шаг на пути укрепления стратегического партнерства между Астаной и Абу-Даби. Обе страны демонстрируют приверженность развитию всеобъемлющего и долгосрочного взаимодействия,

основанного на доверии, уважении и обоюдных интересах.

В ходе переговоров с Президентом Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаевым обсуждены ключевые вопросы двусторонней повестки и перспективы углубления взаимодействия в политической, транспортно-логистической, экономической и инвестиционной сферах. По итогам визита состоялось подписание ряда двусторонних документов, направленных на укрепление стратегического сотрудничества между двумя государствами.

Так, Казахстан и ОАЭ углубляют стратегическое партнерство в сфере логистики и продовольственной безопасности. В

частности, 12 мая в рамках укрепления торгово-экономических связей между Казахстаном и Объединенными Арабскими Эмиратами АО «НК «Қазақстан темір жолы» отправлен первый поезд с партией казахстанской пшеницы в порт Джебель-Али. Трейдером груза выступила компания IK Trading.

Маршрут пролегал через территории Туркменистана и Ирана с последующей перевалкой в порту Бендер-Аббас и доставкой морским путем в ОАЭ. Среднее время в пути составляет 18 суток.

Подчеркнуто, что этот шаг стал очередным этапом по развитию логистических маршрутов между Евразией и Ближним Востоком.

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ИЗ-ЗА ПАДЕНИЯ УРОВНЯ МОРЯ ТАНКЕРЫ ЗАГРУЖАЮТСЯ ЧАСТИЧНО – ВМЕСТО 12 ТЫСЯЧ ТОНН СЕЙЧАС ОКОЛО 10 ТЫСЯЧ. ПОЭТОМУ МЫ ПЛАНИРУЕМ ДОВЕСТИ ГЛУБИНУ ДО 7,7 МЕТРА, ЧТО ПОЗВОЛИТ ЗАГРУЖАТЬ СУДА В ПОЛНОМ ОБЪЕМЕ. ЭТО ТОЛЬКО ПЕРВЫЙ ЭТАП, КОТОРЫЙ ОБЕСПЕЧИТ СТАБИЛЬНУЮ РАБОТУ НА БЛИЖАЙШИЕ 3-4 ГОДА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ» ЗАПУСКАЕТ

11

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ МАРШРУТОВ В ПРЕДСТОЯЩИЙ ЛЕТНИЙ ПЕРИОД.

В ОТОПИТЕЛЬНОМ СЕЗОНЕ 2024-2025 ГОДА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ БЫЛО ДОСТАВЛЕНО

71,7 МЛН ТОНН
УГЛЯ.

СО СТАНЦИЙ ЖАНА-ЕСИЛЬ И САРЫКОЛЬ ОТПРАВЛЕНО

105

ЗЕРНОВОЗОВ С ПЕРВОЙ ПАРТИЕЙ КАЗАХСТАНСКОГО ЗЕРНА В КОРОЛЕВСТВО МАРОККО.

ЖЕҢІС КҮНІНЕ АРНАЛДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



СЕРВИС

Жеңіс күніне орай Астанадан арнайы безендірілген екі пойыз – №3 /4 «Астана-Алматы» бағытындағы Тальго пойызы және №6803 «Астана-Атбасар» электр пойызы жолға аттанды.

Жеңістің 80 жылдығына және Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақ батырларына арналған бұл безендірілген пойыз мамыр айының соңына дейін жүреді.

«Мерекелік безендіру арқылы сол бір тарихи кезеңнің рухы мен қаһармандарына деген тағзым көрсетілді. Вагондардың сыртына Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Рақымжан Қошқарбаев сияқты ел жадында мәңгі сақталған батырлардың портреттері мен нақыл сөздері бейнеленді. Сондай-ақ жолсеріктердің киіміне тағылған жеңіс ленталары да мерекелік әсерді күшейте түсті», – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз хатшысы өкілі Нариман Дүйсекеев.

Жолаушылар ерекше безендірілген пойыздарды қызығушылықпен қарсы алып, суретке түсіп, мерекелік көңіл-күймен бөлісті. «Жолаушылар тасымалы» АҚ дәстүрлі түрде мемлекеттік және ұлттық мерекелерге орай осындай арнайы жобаларды жүзеге асырып келеді. Бұл бастама халықтың тарихи санасын жаңғыртып, жолаушыларға ұмытылмас әсер сыйлайды. Тақырыптық пойыздар мамыр айының соңына дейін қатынап, жолаушыларға соғыс жылдарының ерлік шежіресіне тағы бір үңілуге мүмкіндік береді.

МЕРЕКЕ МӘНІН СЕЗІНДІ

Абай ЕРТИС,
Семей



ТАҒЫЛЫМ

Биыл Жеңістің 80 жылдық мерейтойы Семейлік теміржолшылар үшін көптеген маңызды қоғамдық іс-шаралармен есте қалмақ. Бөлімшедегі салалық кәсіподақ ұйымының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған барлық іс-шараларға, әсіресе өңірдегі жас буын теміржолшылар белсенді қатысты.

Желі бойындағы барлық тораптық станциялар мен деполар басшылары мен қызметкерлері тыл ардагерлерін арнайы құттықтап барып, сыйлықтар тарту етті. Сонымен қатар бөлімшеде ауған соғысының теміржолшы ардагерлерімен тағылымды кездесу өтіп, мерекелік дастархан да жайылды. Бүгінгі бейбіт күннің бағасы жайлы тағылымды әңгіме қозғалды.



Әйтсе де, ең негізгі шаралар қатары 9 мамыр күні ұйымдастырылды. Мәселен, бұл күні Семей ЖТ бөлімшесінің бастығы Алмас Сейсемқанов, «Қазкөлікәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов бастаған теміржолшылар қауымы шаһар орталығында өткен мерекелік салтанатты шараға қатысып, Жеңіс саябағындағы «мәңгілік алауға» гүл шоқтарын қойды.

Ал кешкісін ымырт үйіріле, теміржолшы жастар ұйымының төрайымы Арайлым Қосанова бастаған жас буын сала қызметкерлері «Жарқыра, Жеңіс шырағы» акциясына қатысып, мерекенің мәнін тереңнен сезінді.

Суретті түсірген автор

ЕЛДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана



ЖИЫН

ҚТЖ-да Мемлекеттік тілді дамыту секторының ұйымдастыруымен «Бірлік пен тіл – елдігіміздің тұғыры» тақырыбында қазақ тілінде сөйлеу клубының кезекті отырысы өтті. Оған компанияның Орталық аппарат қызметкерлері қатысты.

Жиында «Бір сөз – бір тілек» айдары бойынша әр қатысушы бірлік, ынтымақ, мемлекеттік тіл туралы пікір, тілегін білдіріп, өлеңдер оқыды. Сондай-ақ «Сөз шебері» ойынында қатысушылардың бірі бір сөз айтып, келесі адам сол сөздің соңғы әрпінен басталатын тағы сөз айтты, сөйтіп бұл тізбек жалғаса берді. Одан әрі «Кім жылдам?» ойынында сөздердің синонимін табу тапсырылды. Сонымен қатар «Ворд волл» бағдарламасы арқылы ойын ойналып, қатысушылар берілген сұрақтарға жауап берді. Бұл ойында оларға: «Мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлі, мемлекеттік тілді жұмыс барысында қолдану деңгейі қандай? Тілді дамыту үшін біз не істей аламыз? Тіл мен бірлік арасындағы байланыс туралы не айтар едіңіз? Ұжымда бірлікті сақтау үшін не маңызды?» деген сұрақтар қойылды. «Эмоциямен сөйле» ойынында қатысушыға бір сөйлем берілді. Ол сол сөйлемді түрлі эмоциямен айтуы керек болды. Ал қалғандары қандай эмоцияда айтылғанын тапты. Бұдан соң интерактивті тақтада берілген суреттер бойынша қандай мақал жасырынғанын дұрыс тауып айтуға тапсырма берілді. Отырыс соңында дәстүрге сай барша қатысушылар «Атамекен» әнін бірге қосылып шырқады. Белсенді қатысушыларға ұйымдастырушылар тарапынан сыйлықтар табыс етілді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – еліміздегі ірі жұмыс беруші компания. Сондықтан 110 мыңнан астам адам еңбек ететін теміржол саласында әртүрлі көзқарас-пікірлердің, түрлі түйткілді мәселелердің туындауы заңдылық. Тіпті кейде компанияның мүддесін өзге ұйымдар, клиенттер, тағы басқа да органдар алдында қорғауды қажет ететін жайттар туындап жатады. Әрине ауқымды мәселелермен айналысатын компанияның тұтас бір заңгерлерден тұратын департаменті де бар. Алайда, көптеген даулы жағдайды шұғыл шешуге мүдделі компанияда тағы бір лауазымды тұлға бар. Ол – корпоративтік омбудсмен. Біз бүгін осы қызметтің тізгінін 2025 жылдың ақпанында ұстаған Қанат Әлмағамбетовпен әңгімелесіп, омбудсмен қызметінің мән-жайы, атқарып жатқан жұмыстары туралы білдік.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ:

«ШИЕЛЕНІСТІ ЖАҒДАЙДЫ УАҚЫТЫЛЫ ШЕШУГЕ МҮДДЕЛІМІЗ»

Сұлуғүл БАКЕСОВА,
Астана

– Қанат Есмұханұлы, жаңа қызметіңіз құтты болсын! Әңгімемізді Компанияның корпоративтік омбудсменіне жүктелетін мақсат-міндеттерден бастасaq. Бұл лауазымдық қызмет не үшін керек?

– «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның корпоративтік омбудсмен институты, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен 2013 жылдың 22 қазанында енгізілді. Бұл лауазымдық қызмет не үшін керек? Білесіз, ҚТЖ үлкен компания, сондықтан омбудсменнің бірінші міндеті Компания мен еңбеккер, Компания мен клиент қарым-қатынасы бағытындағы шиеленісті жағдайларға әкелетін факторларды уақытылы анықтап, дау-жанжалдардың алдын алу болмақ. Екінші міндет, осы аталған бағыттарда егер түсінбеушілік немесе даулы жағдайлар туындаған жағдайда оны ресми емес әдіс-тәсілдермен, яғни құқыққорғау және өзге де мемлекеттік билік және басқару органдарының қатысуынсыз шешу, сондай-ақ кеңес және құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Үшінші міндет – компания имиджін көтеру. «Өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай» дегендей, жұмыс беруші мен жұмысшылар арасында әділ шешімнің болуына, ал клиенттер алдында компания имиджін түсірмей сақтап қалуға әрекет ету – біздің міндетіміз.

– Сіздің корпоративтік омбудсмен болып тағайындалғаныңызға аса көп уақыт бола қоймады. Алайда, сіз бұл қызмет тізгінін ұстаған сәттен бастап ел өңірлерін аралай бастадыңыз. Шыны керек, бұрынғы омбудсмендер тарапынан мұндай белсенділікті байқай қоймадық. Сіздің өңірлерге шығуыңызға не себеп?

– Иә, дұрыс айтасыз. Мен омбудсмен лауазымына кіріскен бойда ел өңірлерін аралап, теміржолшылармен кездесіп, сөйлесуді жөн көрдім. Алғаш барған өңірлерім Көкшетау, Павлодар болды, екіншіше орай, көп адам омбудсмен қызметі және оның немен айналысатынын, қандай мәселелерді шеше алатынын білмейді екен. Сондықтан біздің бірінші міндетіміз теміржол мекемелері ұжымдарымен кездесіп, корпоративтік омбудсмен институтының жұмысынан хабардар ету болды. Өйткені, туындайтын мәселе басшылар арасында емес, басшылар мен олардың қарамағындағы қызметкерлері арасында болып отыр. Егер статистикаға жүгінетін болсақ, 2025 жылдың бірінші тоқсанында корпоративтік омбудсмен аппаратына 25 өтініш келіп түсті, былтыр осы мерзімде 105 өтініш болатын, аны бұл көрсеткіш 80 бірлікке азайып отыр. Өткен жылдары адамдардан жалақыны өсіру, қосымша үстемақы төлеу немесе олардың мөлшерін көбейту сияқты мәселелер бойынша шағым көп түсті. Қазір бұл мәселелерге қатысты шағымдар сап тыйылмаса да, күрт қысқарды. Не себептен? Біріншіден, Компания тарапынан 2024-2025 жылдары еңбекақыны көтеру, Еңбекке қатысу коэффициенті бойынша көтермелеу жүйелерін енгізу, сондай-ақ ел өңірлеріндегі теміржол кәсіпорындарында түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде шағым азайып отыр. Келесі бір шағым, еңбеккерді әділетсіз жазалады немесе жұмыстан құды деген мәселелер бойынша, яғни заңды белден басу сияқты фактілердің

белең алуына қатысты болатын. Бұл түйткілді мәселелерге қатысты да шағым жоқтың қасы. Демек, бұл дегеніміз Компанияның заң, кадр қызметі жақсы жұмыс істеп, тәртіпке келтіре білген. Неліктен заң қызметі дейтін болсақ, әдетте шығарылатын бұйрық, ережелер олармен келісіледі. Үшіншіден, басшылардың да жауапкершілігі артқаны байқалады, яғни қызметтен төмендету, жазалау немесе қудалау сияқты бұйрықтарды шығара бермей, бұл мәселеге жауапкершілікпен қарайтыны байқалуда. Десек те, биыл келіп түскен 25 өтініштің басым бөлігі, еңбек жанжалдарына қатысты болып отыр. Олардың көбісі, жұмысқа алу, басқа қызметке ауыстыру, орналастыру, тағы басқалары болып отыр. Осы арада айтып өтетін жайт, еңбеккерді басқа қызметке ауыстыру барысында кейбір басшылардың немесе кадр қызметкерлерінің оларға түсіндіру жұмыстарын толық жүргізбейтіні белгілі болып отыр. Өйткені осы мәселе бойынша келіп түскен шағымға біз толыққанды жауап бергеннен кейін бұл сұраққа нүкте қойылып жатады. Сөз реті келгенде Маңғыстау өңіріндегі теміржол қызметкерлерінің әлеуметтік шиелінісін реттеу бойынша жүргізілген жұмыстарды атап өткім

лердегі теміржолшылар қажетті медикаменттерді станцияға тиіп тұрған аудан орталығынан емес, 100 км қашықтықтағы Көкшетаудан алуы керек екен. Сонымен қатар сырқаттанып қалған жағдайда Көкшетауға барып кезекте тұрып, дәрігер қабылдауына кіруге мәжбүр. Одан кейін қайта оралуы қажет. Біз бұл мәселеге қатысты кәсіподақпен, компанияның кадр қызметімен бірлесіп кеңес өткіздік, қазір осы мәселенің оң шешілуіне әрекет етіп жатырмыз. Мен бұл мәселе туралы Директорлар кеңесінің комитетінде де баяндадым, олар мені қолдады. Керек болса, Денсаулық сақтау министрлігіне де шығуға болады. Біз бұл медұйымдарға келісімшарт негізінде теміржолшыларды медсақтандырумен қамтамасыз ету үшін ақшасын төлеп отырмыз. Линиядағы теміржолшылар тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесін де көтеріп отыр. Ертеректе теміржол компаниясы өздері салған тұрғын үйлермен теміржолшыларды қамтамасыз еткенін білесіздер. Бірақ соңғы жылдары Компанияға тиісті құзырлы органдар тарапынан тұрғын үй салу ісімен айналысуға немесе сатып алуға тыйым салынған. Ал қазір Мемлекет басшысы мен Үкімет тарапынан қойылған міндеттерді ұлттық компания

қаладан теміржол саласы мамандарын тарту өте қиын. Міне, осы мәселелер қайта қарастыруды қажет етеді. Енді осымен айналыспақпыз. Тағы бір атап өтетін жайт, құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдардың бірінші басшыларының Этика және іс-қимыл кодексі принциптерін бұзғанына қатысты еңбеккерлердің омбудсменге жасаған шағымын, кейбір басшылар жекебастың реніші ретінде қабылдап, жұмыстан қуып шығуға әрекет етіп жатады. Бұл дұрыс емес. Мұндай жағдайларда түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз, ал жұмыс беруші тарапынан Корпоративтік омбудсмен ұсынымдарына реакция болмаған жағдайда қолданыстағы заңнама мен жұмыс беруші бекіткен актілер шеңберінде қатаң шаралар қолданамыз.

– Жаңа бір сөзіңізде омбудсмен қызметінің бір бағыты Компания имиджін көтеру, компания клиенттері арасында дау-жанжалдың туындауының алдын алу екенін атап өттіңіз. Осы арада компания мен клиенттері арасында шиеліністі жағдайлар туындаған мысалдар бар ма? Олар қалай шешіледі?


– Компания имиджіне қатысты проблемалық мәселелер көбінесе жолаушылар тасымалы мен вокзалдар жағдайына байланысты туындап жатады. Алдыңғы жылдары, жолаушылардан пойыздардың жағдайына көңілдері толмаған көп шағым түсті, мұндай шағымдар қазір де бар. Бұдан бөлек, жолаушылар тасымалы шаруашылығы қызметкерлерінің өздеріне қатысты сұрақтар да өте көп. Сондықтан біз келешекте осы жолаушылар тасымалы мәселесімен айналысатын арнайы тағы бір омбудсмен лауазымын енгізуді жоспарлап отырмыз, мұны компания басшылығы да қолдап отыр. Әрине қазір жолаушылар тасымалы сервисі жақсарту, клиенттерінің сұранысын қанағаттандыру бағытында жұмыс істеп жатқан жайы бар. Бірақ түйінн тарқатар түйткілдер де көп.

– Соңғы сұрақ. Корпоративтік омбудсменге теміржолшылар қандай байланыс құралдары арқылы жүгіне алады? Электрондық пошта, қызу желі, құпия қоңырау шалу, тағы басқа қандай жолдары бар?

– Дәл қазіргі күнде азаматтардан өтініш-шағымдар «Самұрық-Қазына» АҚ-ның «Нысана» қызу желісінің телефоны: 8-800-080-30-30 немесе Whatsar мессенджер 8-702-075-30-30 арқылы, сондай-ақ pysana.cssc.kz интернет порталы және pysana@cssc.kz электрондық поштасы арқылы келіп түсіп жатады. Жалпы, келешекте «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да қызу желі телефонын ашпақ ойымызда бар, өйткені кейбір сұрақтар шұғыл шешуді талап етіп жатады. Сонымен қатар өтініш-шағымдар пошта арқылы корреспонденция түрінде келіп жатады. Сондықтан «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның корпоративтік омбудсмен аппараты теміржолшылардың шағым-өтінішін тыңдауға және оларды уақытылы шешуге мүдделі екенін ескерткім келеді. Қазір жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы дау-жанжалды заң шеңберінде сауатты әрі әділ шешетін заман. Мұны басшылар да, қарапайым теміржолшылар да қаперінде ұстағаны абзал.

– Әңгімеңізге рахмет!

Суреттерді түсірген
Александр ЖАБЧУК




келеді. Астана қаласында белсенділермен кездесу өтті. Екіжақты қанағаттандырған хаттамаға қол қойылып, соның орындалуы бойынша жұмыстар атқарылуда. Яғни бұл – мәселені ұшықтырмай, оңтайлы жол уақытында шеше білудің нәтижесі. Тағы бір мысал, теміржолшылардың үнсіз қалмай, қайта-қайта ескертіп айтуларының арқасында арнайы киімдері мен аяқ киімдерінің сапасы жақсарды. Теміржолшылармен сөйлескенімде, қазіргі киім үлгілерінен дән риза екендерін жеткізді. Негізі, теміржолшылар көп жағдайда өзіне емес, өндірістегі жұмыс жағдайларының жақсы болғанын сұрайды.

– Қанат Есмұханұлы, бұл іссапарлар жалғасын табады ма? Өңірлердегі теміржолшыларды алаңдатқан тағы қандай жағдайлар бар?

– Әрине жалғасады. Келесі кезекте батыс, одан соң шығыс, ал күзге қарай оңтүстік аумақтарды аралап, теміржолшылармен жолығып, оларды алаңдатқан мәселелерді түртіп алмақпын. Біз барған өңірлерде шұғыл шешім табуды қажет еткен мәселенің бірі, ол медициналық сақтандыруға қатысты болды. Мәселен Бұрабай курорты, Жаңасәл сияқты мыңға жуық адам еңбек ететін ірі торапты станцияларда ҚТЖ-мен келісімшартқа отырған медициналық ұйымдар теміржолшыларға медқызметті толық көрсетпей немесе жеткіліксіз деңгейде көрсетіп отыр. Бұл жер-

толық орындап келеді. Компания жағдайы да тұрақталды. Сондықтан теміржолшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесіне көңіл бөліп, жеңілдікпен немесе басқалай несиелендіру бағдарламасын жетілдіру кезі келген сияқты. Бірақ бұл бағдарлама бір күні іске асып жатса, оның барлық жерде қолданылмайтынын да ескеру керек. Өйткені барлық жерде тұрғын үй салынып жатқан жоқ. Теміржолшылармен кездескен кезде олардың шағымданған келесі бір мәселесі, шағын станциялар, тіпті ірі станциялардың өзінде туыстарың жұмысқа алынуына тыйым салынуы. Бұрын әкесі, баласы, немересінің теміржолшы болып жұмысқа тұруы қалыпты жағдай еді. Ал қазір «ҚТЖ» ҰК» АҚ-дағы Этика және іс-қимыл кодексіне сәйкес туысқандарды жұмысқа алуға тыйым салынған. Бұл іс-әрекеттер Самұрық-Қазына тарапынан еңбек жанжалдарын болдырмау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында жасалған. Алайда, шағын станция, разъезд, тіпті ірі станцияларда теміржолшы маманын табу өте қат. Әрине, бұл ережелерді сақтауымыз қажет, бірақ кейбір жағдайларда бұдан бас тартуымыз керек. Мәселен, шағын бір станцияда әкелі-балалы теміржолшы болып жұмыс істесе, оның зияннан гөрі пайдасы көбірек. Оның үстіне теміржолшы династиясы жауапкершілікті сезіне біледі, тұрақты әрі сенімді. Ауылдық шалғай станцияларға

В ПРЕДДВЕРИИ ВАЖНОГО ВИЗИТА



СОТРУДНИЧЕСТВО

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Особый акцент был сделан на синергии торгово-логистических потоков между Сианем и Алматы. Стороны рассмотрели концепции предстоящих мероприятий в рамках визита Председателя КНР Си Цзиньпина в Казахстан. Отдельное внимание было уделено запуску логистического терминала в Алматы, который станет крупнейшим импортным хабом Казахстана.

Проектом предусмотрено строительство терминала площадью 9,8 гектара с проектной мощностью порядка 57 тысяч ДФЭ в год, включающего востребованные контейнерные площадки и современные склады.

Госпожа Яо Хунцзюань во время встречи отметила успешную реализацию совместных логистических проектов, а также подчеркнула, что между странами есть много новых возможностей для роста грузопотока и развития транспортных коридоров.

Ранее отмечалось, что провинция Шэньси

В Астане состоялась рабочая встреча между руководством АО «НК «Қазақстан темір жолы» и делегацией из Китая во главе с директором управления внешних связей Комитета Коммунистической партии Китая провинции Шэньси Яо Хунцзюань.



в 2025 году вложит 2,5 миллиарда юаней инвестиций в развитие контейнерных поездов Китай – Европа. Кроме того, запланирована отправка новых контейнерных поездов транзитом через Казахстан.


На встрече рассмотрели и другие важные события 2025 года. В поддержку Года туризма Китая в Казахстане будет запущен первый пассажирский туристический поезд сообщением Сиань – Алматы. Также темой для разговора стала подготовка к

церемонии отправки юбилейного контейнерного поезда направлением Китай – Европа по маршруту ТМТМ и участие казахстанской стороны в крупных международных транспортно-логистических форумах в Китае.

Стороны подтвердили готовность к дальнейшему сотрудничеству и развитию новых совместных проектов в сфере логистики и транспорта.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КАЧЕСТВЕННО И В СРОК



РЕМОНТ ПУТИ

Любовь РОВБА,
Астана

В графике подрядчика на 2025 год – капитальный ремонт 244,635 километра пути в Акмолинской, Павлодарской, Жамбылской и Актюбинской областях.

Он включает в себя замену стрелочных переводов, сплошную смену рельсовых опор и колеи, а также другие мероприятия

Более 20 километров железнодорожного полотна капитально отремонтировало ТОО «Теміржол жөндеу» с начала путевых работ.



для повышения безопасности и надежности перевозок. На сегодняшний день из запланированного объема уже обновили более 21 километра.

– В нашей стране железнодорожный вид транспорта является эффективным и экономически выгодным способом транспортировки большого количества пассажиров и грузов на дальние расстояния, – поделился

директор по строительству и ремонту железных дорог Азамат Молдахметов. – ТОО «Теміржол жөндеу», понимая важность поставленной задачи, на ежегодной основе прилагает все усилия, чтобы выполнить план качественно и в срок.

Фото автора

Охрана труда

КОГДА ЗНАНИЕ – СИЛА

В Актобинском отделении ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» принципу нулевого травматизма следуют неукоснительно, а в рамках Всемирного дня охраны труда посетили на дому работников, получивших увечья на рабочих местах, а также провели конкурс среди специалистов уральского региона «Безопасный труд – обязанность каждого».

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

Организатором мероприятия выступила инженер по охране труда станции Орал Гульдана Танат при поддержке профсоюзного комитета, а также инструктора-организатора Бекзата Гилманова и спортиструктора ФСК «Локомотив» Болата Карлибаева. В жюри конкурса – председатель профкома Уральского узла Едил Алыпсоков и начальник группы производственной безопасности и экологии Актобинского отделения ГП по Уральскому региону Булат Есенгазиев.

Согласно сценарию, участники конкурса



разделились на две команды – «ИС ПБ» и «Стражи труда», которые представили свои «визитные карточки». Конкурс проходил в несколько этапов. Викторина-разминка «По-


жарная безопасность» хорошо взбудрила обе команды, и к этапу «Электробезопасность» обе были готовы. Также бодро прошел и блиц «Самый быстрый». На этапе «Средства индивидуальной защиты» конкурсантам нужно было перечислить, что входит в СИЗ и спецодежду посезонно.

На этапе «Санитарный пункт» команды отвечали на вопросы по билетам и должны были рассказать о первой помощи при переломах, обмороке и потери сознания, поражении электротоком, ожогах, укусе змеи и обморожении. Причем не только рассказать, но и показать на практике, выбрав необходимые материалы и предметы, подготовленные организатором конкурса. Завершился конкурс этапом «Выбери правильные ответы и расположи в порядке очередности». При этом в задании рассматривался пример нарушения работником правил техники безопасности труда на производстве и требовалось определить правильный порядок действий для оказания ему помощи.

Пока жюри подводили итоги, прошли соревнования по дартсу, в которых также определились призеры. Победителем конкурса и «Лучшим знатоком охраны труда» стала команда «ИС ПБ» с перевесом в один балл.

Фото автора

ПРОФЕССИОНАЛЬНО ОТРАБОТАЛИ



УЧЕНИЯ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Основная цель мероприятия – проверка готовности соответствующих служб к действиям в условиях потенциальной эпидемиологической угрозы, а также отработать алгоритмы взаимодействия между медицинскими работниками, железнодорожными службами и транспортными полицией. В ходе учений была смоделирована ситуация, при которой у одного из пассажиров, прибывшего самолетом из Дели на железнодорожный вокзал



Алматы-1, проявились характерные симптомы заболевания: рвота, жидкий стул, слабость, головная боль. Пассажир обратился в медицинский пункт вокзала. Медицинский работ-

ник на основании собранного эпидемиологического анализа и клинических данных сообщает дежурному по вокзалу о предварительном диагнозе больного, сообщает в службу

скорой помощи. Медицинские и санитарно-эпидемиологические службы оперативно отреагировали, обеспечив изоляцию условно больного, проведение первичной диагностики и санитарную обработку места происшествия. Больной был экстренно госпитализирован в городскую инфекционную больницу. В здании вокзала также провели санитарную обработку. В ходе учений также приняли участие работники вокзала, ВКДО, транспортной полиции, службы скорой помощи, ТОО «Медицинский центр «Life», городской клинической инфекционной больницы им. И. Жекеновой и Центра дезинфекции, ТОО «Алматыэлектротранс».

По итогам учений было отмечено, что все задействованные службы продемонстрировали высокий уровень слаженности и профессионализма.

Фото автора

РЕКОРДНЫЙ РОСТ ЭКСПОРТА

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Астана

ИТОГИ

С сентября 2024 года по апрель 2025 года железнодорожные поставки высокотехнологичных кормов из Казахстана в Китай выросли в пять раз по сравнению с аналогичным периодом прошлого маркетингового года, достигнув 1,2 миллиона тонн.

Через станцию Достык перевозки комбикормов увеличились в шесть раз – до 353 тысяч тонн, через Алтынколь – в пять раз и составили свыше 900 тысяч тонн.

С января по апрель 2025 года объем перевозок комбикормов составил 785 тысяч тонн, что в пять раз превышает показатель за тот же период 2024 года. При этом через станцию Достык поставки увеличились в семь раз – до 216 тысяч тонн, через Алтынколь – в 4,5 раза, до 567 тысяч тонн.

Рост наблюдается как в сегменте перевозок в крытых вагонах (увеличение в два раза), так и в контейнерах (рост в пять раз).

Такие результаты стали возможны благодаря скоординированной работе железнодорожных администраций Казахстана и Китая, аграрного сектора, операторов подвижного состава и всех участников логистической цепочки.

С ОТГРУЗКОЙ РАСТЕТ ЭКОНОМИКА

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

ПОГРУЗКИ

Более двух миллионов тонн самых различных грузов отправлено со станций Костанайского региона в апреле текущего года.



Усилиями костанайских железнодорожников погружено 34 358 вагонов. В среднем в сутки на станциях региона отгружалось 75,3 тысячи тонн.

Так, руды железной было погружено 14 421 вагон, руды цветной – 9 002, строительных грузов – 166, зерна – 4 306, продуктов перемола – 1 243.

– Наши железнодорожники прилагают все усилия для выполнения планов руководства, – говорит начальник отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Кенес Дюсекеев. – И нам удастся справляться со всеми растущими объемами.

Фото автора

ЗАВЕРШИЛАСЬ ВЕСЕННЯЯ ПРОВЕРКА

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

ОСМОТР

В Оскеменском регионе Семейского отделения грузовых перевозок подошел к завершению весенний комиссионный осмотр готовности кадров и хозяйств к летнему периоду деятельности.

Согласно утвержденному графику, комиссия проводила объезды Семейского региона с 17 по 25 апреля, а с 28 апреля начали осмотр в Оскеменском регионе с участка Локоть-Шемонаиха. 6 мая он завершился на станциях Оскемен-1, Новоустыкаменогорск, Усть-Каменогорск.

Комиссия проводила работу с участием руководителей эксплуатационных подразделений, кадровых и технических служб, ревизорского аппарата, представителей профсоюза. В ходе осмотра проверялось состояние железнодорожных путей, поездов, зданий и сооружений, соответствие нормативам содержания и безопасности, благоустройство станций, привокзальных территорий. Особое внимание уделяли участкам, где ранее фиксировали замечания.

Подведут итоги весеннего осмотра 14 мая. Комиссия подготовит рекомендации по устранению выявленных недостатков и повышению надежности объектов инфраструктуры в преддверии летнего сезона.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы компанияның Орталық аппараты Ардагерлер кеңесінің төрағасы Айтбеков Берік Сағындықұлына ағасы

Айтбеков Қорған Сағындықұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып, көңіл айтады.

№36 (3075) 13/05/2025

ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

ҰОС қатысқан, тылда еңбек еткен ардагерлер қатары жылдан жылға азайып барады. Жеңістің сексен жылдығына санаулы ардагерлер ғана жетті.



Жаңаөзендік Жұма ақсақал – бүгінде түбек теміржолшыларының Жеңіс күнімен құттықтап баратын, «соғыс көрген» жалғыз ардагер. Биыл да тыл еңбеккерінің үйіне барғандар қарасы көп болды.

Теміржолшылар ғана емес, қала, ауылдардан, түрлі мекемелерден келіп қарияны қуанып жатқан өзгелер де көп екен. Дегенмен бәрібір өз әріптестері, ізбасарларын асыға күтіп отырған Жұма Сүйіндіков теміржолшылар келді дегеннен жүзі жадырап, балаша толқиды. Биыл тоқсан бес жасқа жеткен қарияның денсаулығы бірқалыпты, келгендермен әңгіме айтып, амандық сұрасты. Атамызды Жеңіс күнімен құттықтап, хал-жағдайын білуге Маңғыстау локомотив пайдалану депосының және Өзен айналым депосының басшылығы мен

кәсіподақ комитеті төрағалары, деподағы басқа да мамандар барды. Басшылықтың алғыс хаты мен бағалы сыйлықтарын, ардагерге алып барған жеміс-жидек, азық-түлік себеттерін табыстады.

– Бұл кісілердің арамызда жүргені, жас буынға үлгі болып отырғаны бізді қуантады. Сұм соғыстың сұрапыл жылдарынан өткен, көпті көрген мұндай ата-апаларымыздың әр әңгімесі ғибратқа толы. Тәрбиелік мәні терең. Біз де Жұма ақсақалдың батасын алып, дидактикалық. Жылдағыдай тың болмаса да бізбен бірге отырып, дастарханын дайындатып, сондай жылы қарсы алды. Жүз жасасын, мықты денсаулық тілейміз, – дейді Маңғыстау локомотив депосы кәсіподағының төрағасы Әбілсейіт Набиханов.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау Суретті түсірген автор

ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ



На станции Караганда-Сортировочная прошло мероприятие, посвященное 80-летию Победы в Великой Отечественной войне.

Вначале торжественной церемонии состоялось возложение цветов у обелиска «Боевая слава». Память погибших солдат почтито руководство Карагандинского отделения ГП, магистральной сети, Карагандинского филиала ОО «Казпрофтранс». В церемонии также приняли участие работники железнодорожных структур, жители района Сортировка, учащиеся местных школ. В ходе мероприятия 100-летию ветеран ВОВ Григорий Степенко возложил цветы у обелиска. Проживший вековую жизнь, ветеран не смог сдержать слез, так как многие его боевые товарищи

были преданы земле и не смогли увидеть мирного неба над головой.

По словам директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марата Ибраева, очень важно, чтобы этот день, подаривший мир, свободу и надежду, казахстанцы не забывали никогда.

После торжественной части на площади Дворца культуры железнодорожников состоялся праздничный концерт с участием местных артистов, исполнивших песни военных лет.

Светлана МОГАЙ, Караганда Фото автора



С ТЕПЛОМ СЕРДЕЦ И ПЕСНЯМИ

Железнодорожные предприятия, профсоюз к 80-летию Великой Победы организовали обширную концертную программу на привокзальной площади в микрорайоне Защита Усть-Каменогорска, у легендарного паровоза – памятника Турксіб.

Это было очень трогательно и душевно. Даже случайные прохожие, пассажиры поезда останавливались у площади, чтобы посмотреть на действо. Всех желающих железнодорожники угощали вкусной солдатской кашей, чаем и сладостями. Ансамбль Восточно-Казахстанского колледжа искусств «Злато», ученики общеобразовательных школ № 2 и 22 исполняли песни и танцы военных лет.

– Мы поздравляем всех с Днем Великой

Победы, желаем, чтобы над нашими головами всегда было такое же голубое, как сегодня, небо, – обратилась к зрителям представитель центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева. – К сожалению, тех героев, которые воевали, осталось совсем мало. Но мы помним о подвиге тех, кто ковал Победу на фронте и в тылу.

По словам заместителя председателя Регионального совета ветеранов-железнодорожников

СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің ҰОС және еңбек ардагері Иван Makeевті соғыстың соңғы солдаты деуге әбден болады. Өйткені қанқұйлы соғыс басталғанда ол небәрі 14 жасар жасөспірім екен.

«КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалы директорының орынбасары Дәурен Құрманов, кадрлар бөлімінің басшысы Меруерт Баймұрзаева, Жамбыл бөлімшесі кәсіподақ ұйымының төрағасы Серік Ақшораев Тараз станциясындағы Желілік полиция бөлімінде өткен мерекелік іс-шараға Жамбыл ЖТ басшылығы мен кадр және кәсіподақ жетекшілері де қатысып, ардагерді Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, сый-сияпат тапсырды.

Отан қорғаушылар күні және Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған іс-шарада желілік полицияның жеке құрамы сапқа тұрғызылды. Үрмелі аспаптар ансамблі соғыс жылдарындағы жазылған әндерді орындап, қонақтар бөлім аумағындағы ҰОС ардагерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Тараз станциясындағы желілік полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Олег Родякин жеке құрамды мерекемен, ардагер Иван Федоровичті Жеңістің 80 жыл-



дығымен құттықтап, шапан жауып, сый-құрмет көрсетті. Жамбыл облыстық полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұрдалы Шералин майдангерге «Жеңістің 80 жылдығы» мерекелік медалін тапсырды.

Соғыс басталған кезде Иван Makeев небәрі 14 жастағы жасөспірім

НИКТО НЕ ЗАБЫТ, НИЧТО НЕ ЗАБЫТО...

Железнодорожники Уральска к 80-летию Победы провели традиционно множество мероприятий.

Начались торжества со встречи с ветеранами боевых действий в горячих точках – Афганистане, Нагорном Карабахе, на таджико-афганской границе и ликвидаторами аварии на Чернобыльской АЭС. На сегодняшний день в рядах пенсионеров их осталось всего 10 человек.

Не забыли и про тружеников тыла. Их навестили по месту жительства в села Переметное и Федоровка, а также городах Уральске и Аксае. Корпоративные памятные нагрудные знаки в честь 80-летия Победы над фашизмом в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг., специально к этой дате выпущенные буклеты, расска-



зывающие о железнодорожниках Приуралья в годы Великой Отечественной войны, продуктовые корзины и подарки были вручены 27 труженикам тыла, ныне пенсионерам-железнодорожникам. Непосредственно 9 Мая представители предприятий Уральского

филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение ГП» и Актюбинского отделения магистральной сети по Уральскому региону возложили цветы к памятнику Славным дочерям казахского народа – трех Героев Советского Союза, уроженков Западно-Казах-

екен. 17 жасында Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, әрі қарай майданға жіберіледі. Жас жауынгер 1951 жылға дейін әскер қатарында жапон империалистеріне қарсы шайқастарға қатысты. II дәрежелі ҰОС орденімен және 20-дан астам медальдармен марапатталған. Елге оралған соң 1953 жылы КСРО ІІМ арнайы көлік милициясы мектебіне оқуға түсіп, 1955 жылы бітіргеннен кейін Жамбыл станциясындағы желілік ішкі істер бөліміне жұмысқа орналасады. Сол жерде 30 жыл қызмет етіп, подполковник шенінде зейнетке шыққан.

Бейбіт заманда теміржол бойындағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз еткен 98 жастағы ардагер Тараз қаласында тұрады.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл Суретті түсірген автор

станской области – пулеметчицы Маншук Мамеговой, снайпера Алии Молдагуловой и летчицы Хиуаз Доспановой, и к памятнику маршалу Победы Георгию Жукову. Затем приняли участие в общегородском торжественном мероприятии на площади Победы у Мемориала Славы и возложении цветов к Вечному огню.

Разумеется, единственному оставшемуся в живых ветерану-железнодорожнику, участнику Великой Отечественной войны Борису Шолубаю был вручен памятный нагрудный знак, выпущенный компанией к 80-летию Победы.

Кроме того, год 80-летия Великой Победы отметили широко и в Соль-Илецком районе. Активными участниками всех праздничных мероприятий стали работники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» и Илецкого железнодорожного узла.

Анна ПАНИЩЕВА, Уральск Фото автора

ЖҮЗ ЖАСАҒАН КЕЙУАНА

Жаңа-Семей жол дистанциясының ұжымы еңбек және тыл ардагері Зайтуна Файзуллинаны 100 жас мерейтойымен арнайы құттықтап барды. Сұрапыл соғыс жылдарында Түрксіб теміржолында еңбек еткен қадірменді қарияның әңгімесін тыңдап, өңірдің өткен тарихына да қанықты.



Зайтуна Мұхаметқызы өз еңбек жолы жайлы әңгіме айтудың шебері. Өткен күндердің елесі көкірегінде сайрап тұр. Ғасыр жасап отырса да әлі тын. Өзін құттықтап келген бүгінгі буын әріптестерінің алдында қозғалыс қауіпсіздігінің ережелерін жатқа айтып беріп, таңғалдырды.

Кейіпкеріміз 1943 жылы Аягөз станциясындағы социалистік еңбектің шеберлері мектебін оқып жүрген шағында, әуелгіде әскери комиссариатқа шақырылады. Сәл болғанда соғысқа алып кетер еді. Алайда, жалғыз шешесі ғана бар, кәсіби білім алып жүрген қыз бала екендігі ескеріліп, құжаты өзгертіліп, арнайы ордер жазылып, тыл-

дағы жұмысқа қалдырылады. Осылайша, теміржолшылар майданға кеткендіктен жұмыс күшінің жетіспеуі себепті бірден өндіріске жұмысқа қабылданады. Семей теміржолындағы Қапанбұлақ, Жаңғызтөбе, Шөптіқақ станцияларында қозғалыс саласында еңбек етіпті.

– Қасымдағы әріптестерім соғысқа кетіп, станция кезекшісі қызметін жалғыз атқарған кездер жадымда. Үзіліссіз 36 сағат жұмыс істеген күндер болды. Арасында бес минутқа ғана мызғып аламын. Себебі пойызды қабылдап алып, жөнелту үшін ми тынық болуы керек. Станциялық жолдардағы қозғалысқа толығымен жауаптымын, – дейді ол. – Жау

жағадан алғанда бөрі етектен тартады» демекші, соғыс жылдары қыс та аязды болды. Теміржолшылар жетіспейтіндіктен кейде білек сыбанып станция басында пойыз құрастыру ісіне де кірісіп кетеміз. Қолым сәл босаса, майданда жүрген әріптестеріме, қыздарға хат жазып, олардан жеткен, оқоптың сыз иісі шығатын үшбу хаттарын оқимын.

Зайтуна Мұхаметқызы 1973 жылы экономикалық даярлықтан өтіп, жол дистанциясына есепші болып қайтадан қызметке орналасады. Зейнеткерлікке шыққанға дейін осы мекемеде еңбек етті. Кейіпкеріміз Шөптіқақ станциясында еңбек ете жүріп, тұрмыс құрады. Бүгінде жүз жасаған қария шөпшестерінің қолынан су ішуде. Еңбектен қол үзбей жүріп, 6 бала тәрбиелеп өсіріпті, қазіргі таңда 22 шөбересі бар. Қоғамдық өмірден де қол үзбегі.

Жаңа-Семей жол дистанциясының кәсіподақ ұйымының төрайымы Зулфия Мәжитқызы бастаған теміржолшылар әжейге құттықтау тілектерін білдіріп, 100 жас мерейтойына орай арнайы әкелген сыйлық қоржынын салтанатты түрде тарту етіп, естелік суреттерге түсті.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей Суретті түсірген автор

ЗАПУСТИЛИ В НЕБО ГОЛУБЕЙ

В Кокшетау прошел праздничный концерт в честь 120-летия профсоюзов и 80-летия Победы. Мероприятие собрало работников железнодорожных предприятий станции Кокшетау, пенсионеров и ветеранов отрасли.



Так, в преддверии Дня защитника Отечества и 80-летия Победы в Великой Отечественной войне Акмолинский филиал ОО «Казпрофтранс» совместно с профсоюзными комитетами узла Кокшетау организовали праздничный концерт перед зданием Акмолинского отделения грузовых перевозок.

С приветственным словом выступил председатель Акмолинского филиала ОО «Казпрофтранс» Хазис Закирин, подчеркнув важность празднования Дня защитника Отечества, установленного в Казахстане 7 мая, и значимость 80-летия Победы в Великой Отечественной войне.

В концертной программе при-

няли участие солисты вокальных студий «Жастар», «Шамшырақ», «Балдаурен», народный хор ветеранов Акмолинской области, а также народные ансамбли танца «Кокшетау» и «Сувенир». Завершилось мероприятие символическим запуском голубей в небо – как знак мира, надежды и любви.

Особое внимание привлекла акция памяти: каждый желающий мог написать имя своего родственника – участника Великой Отечественной войны – на бумажном голубе и прикрепить его к импровизированному «небу», отдав дань уважения героям.

Асель ШАЙХЫНОВА, Кокшетау Фото автора

 ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ	 ҚАЗКӨЛІККӘСІП	Редкцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92	Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі» қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосқым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабирхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертay 8-777-498-31-61	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС
Бас редактор Дина Муздубаева	Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Басылымның таралымы 11 415 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.	© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгеше басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынғын, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.	Кезекші редакторлар: Р. Рахметов, Р. Рахметова	Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде № 601 тіркеу куәлігі берілді.